

БЕКІТЕМІН ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі М.К. Қарабаев 2023 жылғы «__» _____	БЕКІТЕМІН ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы М.Т. Омаров 2023 жылғы «__» _____
--	---

АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОЛ КАРТАСЫ

P/c	Іс-шаралардың атауы	Жауапты орындаушылар	Іске асыру мерзімі	Аяқтау нысаны	Күтілетін экономикалық және (немесе) әлеуметтік әсерлер
1	2	3	4	5	6
<p>1-міндет. Әкімшілік және экономикалық кедергілерді жою</p> <p>Азаматтық авиация нарығында өз қызметін 3 авиакомпания «AirAstana» АҚ және Fly Arystan, «Qazaq Air» АҚ, «SCAT» АҚ жүзеге асырады, бұл ретте 3 авиакомпанияның 2-еуі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі. Тауар нарығы бәсекелестік жеткіліксіз дамыған нарықтың жоғары шоғырланған түріне жатады. Әкімшілік кедергілер: лицензияланатын қызмет түрі, сондай-ақ сертификаттаудың болуы. Көп функционаллы өндірістік және қоғамдық қорлары бар және әуе тасымалы нарығында табиғи монополиялық құрылымдар ретінде әрекет ететін әуежайлар бір мезгілде осы нарыққа толық тәуелді. Бүгінгі күні 4 қызмет табиғи монополияға және 5 қызмет қоғамдық маңызы бар нарықтарға жатады. Жолаушыларды авиатасымалдаудың негізгі шығындарына авиаотын жатады. Жергілікті зауыттардың ай сайынғы өндірісі шамамен 50-55 мың тоннаны құрайды, сұраныс 90 мың тоннаға дейін. Бұл ретте, авиаотынды ҚР Энергетика министрлігі қол режимінде тікелей авиакомпанияларға бөледі, зауыттар өндіретін жалпы көлемнің 10%-ы биржа арқылы 4+1 схемасы бойынша сатылады, онда 4 күн авиакомпанияларға және 1 күн әуежайларға сатылады.</p>					
<p>I. Мемлекеттің бәсекелес ортаға қатысуы</p>					
1	<p>1.1-іс-шара Жекешелендіру сәтіне дейін FlyArystan-ды жеке нарық субъектісі ретінде бөлу</p>	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	2025 жылғы желтоқсан	ҚР Үкіметінің қаулысы	Бұл шара бәсекелес ортаның дамуына, нарық субъектілері арасындағы бәсекелестік жолымен авиабилеттер құнының төмендеуіне оң әсер етеді. Бұл ретте «QazaqAir» АҚ және «AirAstana» АҚ «Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020
2	<p>1.2-іс-шара Жекешелендіру жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мемлекеттің қатысуын талдау</p>	ЖАО (Атырау, Ақтөбе, Павлодар, Өскемен, Семей және Шымкент қалаларының		ҚР Үкіметінің қаулысы	

		әкімдіктері), Қаржымині, ҰЭМ, ИИДМ «Самұрық- Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ			жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысында көзделген
3	1.3-іс-шара «QazaqAir» АҚ компаниясының 100% акцияларын сату	«Самұрық- Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ		ҚР Үкіметінің қаулысы	
4	1.4-іс-шара «AirAstana» АҚ компаниясының 100% акцияларын сату	«Самұрық- Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ		ҚР Үкіметінің қаулысы	
II. Әкімшілік кедергілер					
5	2.1-іс-шара Қазақстанның тағайындалған тасымалдаушылары операция жасамайтын маршруттар бойынша бостандықтың бесінші дәрежесін қоса алғанда, әуежайлардың техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, жиіліктерді шектемей, Халықаралық азаматтық авиация ұйымына мүше мемлекеттердің барлық шетелдік әуежайларына жолаушылар ұшуларын әуежайларда орындау құқықтарын бере отырып, Министрліктің тиісті құқықтық актісін қабылдаумен «ашық аспан» режимінің мерзімін 2028 жылға дейін ұлғайту, сондай-ақ барлық шетелдік авиакомпанияларға ұсынумен Қазақстанның барлық 13 халықаралық әуежайы (Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Қарағанды, Өскемен, Павлодар, Көкшетау, Тараз, Петропавл, Семей, Ақтобе және Түркістан) үшін осы режимді қамтамасыз ету	ИИДМ БҚДА	2023 жылғы желтоқсан	ҚР ИИДМ-нің құқықтық актісі	«Ашық аспан» мерзімдерінің ұлғаюы аралық қонумен үшінші елдерге авиамаршруттарды жоспарлау кезінде шетелдік авиакомпаниялар үшін оң әсер етеді. <i>Анықтама:</i> <i>Әуежайлар «ашық аспан» режимінде - Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Қарағанды, Өскемен, Павлодар, Көкшетау, Тараз, Петропавл, Семей, Түркістан, Ақтобе.</i> <i>Аспан еркіндігінің бесінші дәрежесі шетелдік авиакомпанияларға Қазақстан арқылы 13 әуежайға аралық қонумен үшінші елдерге ұшуға, бәсекелестікті арттыруға және осының есебінен ұшу тарифтерін төмендетуге мүмкіндік береді</i>
6	2.2-іс-шара	ИИДМ БҚДА	2023 жылғы желтоқсан	Анықтама	Бүгінгі күні ұшақтар санын көбейту үшін отандық авиакомпанияларды қолдау

	Кредиттер, сондай-ақ лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау (мәселелерді пысықтау)				бағдарламалары жоқ
III. Инфрақұрылымға қол жеткізу					
7	3.1-іс-шара Әуежайлардың отын-жанармай құю кешендеріне авиаотынды бөлшек саудада өткізушілердің: – әуежайда қызмет көрсетілген жолаушылар саны жылына 2 (екі) миллионнан асатын болса – кемінде 2 авиаотын сатушы кемсітусіз қол жеткізуін заңнамалық деңгейде бекітуді көздеу.	ИИДМ БҚДА	2023 -2024 жылдар	Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу	Авиациялық отынды сатудың бөлшек сауда нарығындағы негізгі проблемалар: авиациялық отынды сатушылар арасында бәсекелес ортаның болмауы, жоғары бағалар, отын көлемінің жетіспеушілігі және әуежайларды пайдаланушылар тарапынан жанармай құю кешендеріне кіруге әкімшілік шектеулер болып табылады. Баламалы отын құю кешенінің пайда болуы авиациялық отынға баға белгілеу бөлігінде ҚР әуежайларында бәсекелестік ортаның дамуына оң әсер етеді. Авиациялық отын жеткізушілер арасындағы бәсекелестіктің салдары бағаның төмендеуі болады, бұл болашақта ұшу құнының төмендеуіне, жолаушылар ағынының артуына, тасымалдаушыларды тартуға, транзиттік әлеуетті дамытуға, жаңа маршруттық желілерді ашуға және әуежайдың беделіне әкеледі, бұл сайып келгенде авиабилеттердің құнына және мемлекет бюджетіне түсетін салық түсімдеріне әсер етеді. Балама ОҚК құрылысы – бұл жанармай бағасының саясатына және, сайып келгенде, әуе билеттерінің бағасына, жүк пен поштаны жеткізуге, сондай-ақ
8	3.2-іс-шара Әуежайда қызмет көрсетілген жолаушылар саны жылына 5 (бес) миллионнан астам адам болатын ҚР әуежайларында баламалы отын құю кешендерін салу мәселелерін пысықтау	ИИДМ БҚДА	2023 -2024 жылдар	Анықтама	

					әуежайларда логистикалық кластерді дамытуға жағымды әсер ететін әлемдік практика.
9	3.3-іс-шара Кемсітусіз қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында «тарихи слот» ұғымын қайта қарау бөлігінде НҚА-ға өзгерістер енгізу	ҚР ИИДМ БҚДА	2023 жылғы желтоқсан	Бұйрық	Бәсекелестікті дамыту мақсатында әкімшілік кедергілерді жою